



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

қолданып, ғылым негіздерін үйретеді. Өзінің ұстазына еліктеген Спандияр ұстазының ағартушылық педагогикалық идеясын жүзеге асыра бастайды. Спандияр бос уақытында ауыл адамдарын жинап, оларға табиғат, география, тарих сияқты ғылым негіздерінен түсінік беріп, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен әңгіме айтып беретін болған. Орыс әдебиеті жазушыларының бірі – И.А.Қрыловтың мысалдарын аудару жұмысымен айналысады. Сабақ беру кезеңінде мысалдарды негізге алып оқыту үдерісіне пайдаланды. «Үлгілі бала» атты еңбегінде бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгімелер мен мысалдарды жинақтаған. Мысал өлеңдерінде бай әкімдердің іс – әрекеттерін әшкерелеуге, ұнамсыз кейіпкерлердің мінез – құлқын сынау арқылы оқушыларға бұдан аулақ болуға үлгі етеді. Кітаптағы мысалдарды орыс мысалшыларының еңбектерінен аударып, кейбіреуін өзі жазып шыққан. Мысал арқылы қазақ балаларына үлгі, тәлім – тәрбие, ғибрат беруді көздеген. Мысалдардың көтерген тақырыбы – әлеуметтік теңсіздік, қатыгездік пен үстем тап өкілдерінің іс – әрекеттерін сынау. Бұл еңбек балаларға қоғам тұрмысы, адам тіршілігі, адамдардың мінез – құлқы жөнінде қысқа да ықшам мазмұнда жазылған өлеңдер болып табылады.

1939 жылы ағартушылық саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін Спандияр Көбейұлы «Ленин» орденімен марапатталған. 1944 жылы оған «Қазақ КСР–нің еңбек сіңірген мұғалімі» деген атақ берілген. 1947 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. 1949 жылы екінші рет «Ленин» орденімен марапатталған.

Қорыта келе, Спандияр Көбейұлы қазақ қоғамының гуманистік, ағартушылық дамуына елеулі үлес қосты. Ұстаздық қызметі арқылы қазақ қоғамын біліммен сусындырып қана қоймай, оқыту ісінде бірнеше еңбектер жарыққа шығарды. Спандияр Көбейұлышығармаларының ағартушылық идеялары бүгінгі күндегі білім беру жүйесімен тығыз байланыста. Көтерген тақырыптары мен мәселелерін бағамдау арқылы оған көз жеткізе аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серік Қирабаев., Спандияр Көбеев. Өмірі мен жазушылық қызметі. / Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы 1958
2. Ғабитов Т., Ильясов Ж., Жамалов Қ., Әбішев Қ. «Қазақ ағартушыларының философиясы» Жиырма томдық, 10 – том. Астана: Аударма, 2007. 472 б. ISBN 9956–18–217–5
3. Ибраева Л.Б. «Спандияр Көбеевтің әдеби мұраларының Ыбырай Алтынсаринмен үндестігі» // Педагогическая наука и практика. 2014. №3 (5)
4. Асем Ерғалиевна Абдурахманова, Жандос Абдазимович Байзаков Еңбегі сіңген мұғалім – Спандияр Көбейұлы // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. 2021. №3

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Оспанова Сабина Макуовна
педагог – модератор, ағылшын тілі мұғалімі
Рақымжанов Исламбек Ғалымжанұлы
педагог – эксперт, география пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің № 13 орта мектебі» КММ
Рудный қаласы, Қазақстан
E – mail: Worker.2014@mail.ru*

Аңдатпа

Аталмыш мақалады Ыбырай атамыздың педагогикалық көзқарасы бүгінгі күннің білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңызы айтылады. Жас өрендерді білім – ғылымға баулу арқылы қарапайым халықтың сауаттылығын ашуды көздейді. Бүгінгі күні еліміздің білім саласындағы күрделі өзгерістер мен оның мемлекетіміздегі білім сапасын жетілдіруге, заман ағымына сай бейімдеуге бағдарланған. Киелі қазақ даласының өткені мен бүгінін байланыстыратын Ыбырай Алтынсариннің оқу – әдістемелігі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: оқыту, тәрбие, құзыреттілік, методика, реформа, сыни ойлау

Аннотация

В данной статье рассматривается актуальность и значение педагогического подхода нашего деда Ыбрая в современной системе образования. Он призван открыть грамотность простых людей путем приобщения молодежи к образованию и науке. Сегодня комплексные изменения в сфере образования нашей страны направлены на повышение качества образования в нашей стране, адаптацию его к современным

тенденциялар. Сөйлеушілер о педагогикалық тәжірибесін, яғни Ыбырай Алтынсарин, қайсысы өткен және қазір де өзінше қасиеттерімен қарастырады.

Ключевые слова: оқыту, білім беру, компетенттік, педагогика, реформа, критикалық ойлау.

Abstract

In this article, the relevance and significance of the pedagogical approach of our grandfather Ibraya in the modern education system is considered. It is called to open the literacy of ordinary people by bringing young people to education and science. Today, complex changes in the sphere of education in our country are aimed at improving the quality of education in our country, adapting it to modern trends. Ibraya Altynsarina's methodology of study, which connects the past and present of the sacred Kazakh fields, is told.

Key words: training, education, competence, methodology, reform, critical thinking.

Халқымыздың ұлы перзенті, даңқты халық ағартушысы Ыбырай Алтынсарин киелі қазақ жерінде оқу – ағартуды жүйелі жолға салып, заманында білім саласында өзгерістерді жасау жолында тайсалмай күресіп, қара халықтың сауатын арттырып, білім нәрімен сусындатуда, қарапайым қазақ балаларының шырағын жағуда бар күш – жігерін аямай еңбек еткен дара тұлғалардың бірі. Ы.Алтынсарин еліміздегі әлеуметтік – педагогиканың басты бағыттары мен оқу – ағарту саласындағы проблемалардың шешімін ұсына білді. Киелі қарт Торғайда дархан даламыздағы алғашқы мектептердің іргетасын қалап, қалың бұқараға білімнің қажеттілігін, оның еліміздің болашағындағы мазмұны мен маңызын түсіндіре алды. Санаулы ғұмырын оқыту мен тәрбие ісін алға ілгерілетуде, бастауыш мектепке қажетті оқу – құралдарын дайындауда өшпес із қалдырды.

XIX ғасырдағы асыл халқымыздың мәдени өміріндегі жарқын өзгерістердің бірі – Ыбырай атамның оқу – ағарту ісін қолға алуы. Тәуелсіз мемлекетіміздің педагогика тарихында бабамыз аты мәңгі қалады. Ыбырай өмірі жоғары дүниетанымдық ойларымен, білімге деген құлшыныспен бірнеше ұрпаққа сәуле шашты. Ол өзін ұлы ұстаз, жазушы, этнограф ғалым, ақын, қоғам қайраткері және ағартушы ретінде көрсеткен дара тұлға.

Алтынсарин өзінің ағартушылық – педагогикалық қызметінде тұлғаның адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге аса көп көңіл бөледі. Мектептің адамгершілік – тәрбиелік рөліне үлкен мән беріп, бастапқы тәрбие балада шенеунік емес, ақын емес, қолөнерші емес, тұлға ретінде көрінуі керек екенін баса назарда ұстады. Ыбырай Алтынсарин мектептің негізгі бағытын оқушылардың бойында жоғары адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, олардың бастауыш негізгі білімді игеруінде, жаратылыстану – ғылыми дүниетанымды дамытуда көрді. Өзі озық мәдениеттің жаршысы бола отырып, жастардың ғылымға деген қызығушылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше назар аударып, халыққа қызмет етуге шақырды. Жастардың адамгершілік сезімін оятып, аталмыш қасиеттер адамға ерте жастан сіңірілуі керек екенін түсінді. Сол себепті, ол өзінің барлық күш – жігерін, білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге берді. [5, б. 40].

Ы.Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс деп пайымдады. Оның ағартушылық идеялары қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалушылығын бұзуға бағытталған. Ол қазақ халқын өркениетті халықтар қатарынан көруге құмар болды. Алтынсариннің пікірінше, бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен патриархалдық – рулық жүйенің бүкіл құрылымын түбегейлі қайта құру қажет. Ол білім беруді мақсат ретінде емес, құрал ретінде, әлеуметтік ортаны өзгерту үшін белсенді күресу үшін жастарды игеруі керек қару ретінде қарастырды. Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқының ағартуына арнады. «Қазақ халқының өзі білім алу үшін құнарлы жер болып табылады», – деп жазды ол. Олар ағартушылықты прогрестің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды, онсыз бүкіл ұлттың дамуы мүмкін болмады. Алтынсарин мектепте берілетін білім мен дағдыларды ресми білім тұрғысынан емес, олардың нақты пайдасын, өмірінің өтпелі кезеңіндегі халық үшін пайдасын ескере отырып бағалады. Қалай сапалы білім беруге болады, балаға әлемдік нарықты дамытуға бағытталған негізді қалай құруға болатынын ойлады. Бұл міндет әр мұғалім оқушылардың мүмкіндіктерін біле отырып, олардың танымдық қызығушылықтарын талдай отырып, шығармашылық, жеке шешімге жүгінген жағдайда ғана мүмкіндігін байқады.

Алтынсариннің мұғалім туралы нұсқауларында; олардың қалай оқыту керектігі, оның өз заманындағы методиканы терең және жан – жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым – қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым – қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл – күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді. Оқу

әдістері мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы.Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін. Атап айтқанда:

- оқыту методикасы – балалардың жүре келе мектепке, сабақтан кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол;
- сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту әдістемесі;
- көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалану;
- заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қорытындылар жасау – сынды оқытудың әдіс – тәсілдерін пайдаланса балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптасатынын айқындап көрсетті. Бүгінгі күнде де жоғарыдағы оқытудың белсенді тәсілдері сабақ процесінде кеңінен қолданылады. Бұдан байқайтынымыз, Ыбырай Алтынсарин салған оқу – әдістемелік даңғылдың өз жалғасын табуы.

Қазіргі уақытта білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсариннің жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы – демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой – пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бүгін республикамыздағы білім беру реформасы туралы айта отырып, оның педагогикалық мұрасын еске түсірмеске болмайды. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын үндеу бүгінде өте өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта тәрбиенің тарихи негізіне жүгіну қажет, өйткені тарихи педагогикалық мұраны түсінбестен өскелең ұрпақты адами идеалдармен таныстыру мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық жолы, оның өмірбаянының жекелеген беттері, оның философиялық және педагогикалық көзқарастарының жекелеген аспектілері ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі тұлғаның рухани – адамгершілік дамуына ықпал етеді. Ыбырай Алтынсариннің тағдыры – қаймана қазақ еліне үлгі десем қателеспеймін. Бұл өз халқына қызмет етудің, өз халқын шынайы сүюдің мысалы. Ағартушының педагогикалық идеяларын еліміздің ең жақсы мұғалімдері қолданады, оның өлеңдері мен прозасын халық жақсы көреді.

Қазіргі білім алу жағдайлары, жаңа ортаға бейімделуі, алған білімдерін өмірде пайдалана алу жан – жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Ондай берік фундаментті орнату бастауыш сыныптардан бастау алады. Тәуелсіздіктен кейін еліміздің білім саласы оқушыларды оқытудың қалыптасқан тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажеттілігіне тап болып, бастауыш сыныптарға көп көңіл бөлуді қажет етті. Бұл жаңа мемлекеттік стандарттар, белсенді оқыту, жаңа тұлғаны қалыптастыру, кешенді тәрбие. Алайда, білім саласында қанша өзгерістер мен реформалар қабылданса да, ең негізгі мақсат – сапалы білім беру мен қоғамға пайдасы тиер тұлғаны тәрбиелеуде. Әрине бұл, Ыбырай атамыздың оқу – ағартушылық мақсаттарымен үйлеседі.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыру үстінде. Әр қазақстандық азамат сапалы мектепке дейінгі тәрбие, білімге қолжетімділігін, арнайы оқу орындарында, жоғары оқу орындарында кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Ыбырай Алтынсариннің салып берген даңғыл жолын жалғастырып келеміз десекте болады. Ыбырай атамыздың оқу – әдістемелік негізінде мектептерде жаңаша оқыту түрі енгізілді. Ондағы әр оқушы жеке тұлға ретінде қабылданып, жеке бас ерекшеліктері ескеріледі. Бастауыш білім беру, негізгі, орта, жоғары сынып оқушылары үшін құрастырылған оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, жеке қабілеттерін, оларды оқу ісінде жігірлендіруге, іскерлігін, шығармашылығын дамытуға, функционалдық сауаттылықтарын арттырып, дамытуға негізделген. Мектептің базалық білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқылым, жазылым, есептеудің, тілдік қарым – қатынастың, пәнаралық байланыстың, өзін – өзі көрсетудің, көптік ортада бірін – бірі анық бағалауға бағытталған. Ал негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін – өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. Сол сияқты жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. Бұл дегеніміз әр жоғарғы сынып оқушыларына кәсіпті дұрыс таңдауына, өзінің жеке мүмкіндіктерін көрсетуде маңызы зор. Әрқайсысы сүйікті ісімен шұғылдану арқылы елімізді өркендетуге, әлемдік аренада көк туымызды көкте желбіретуге, қазақ халқының атын мәшһүр қылудағы пайдасы ұшан теңіз деуге болады. Бұл Ыбырай бабамыздың аңсаған армандарының бірі деуге болады. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру.

Мектеп қабырғасында жұмыс атқаратын әр педагогтың алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте жоғары. Мұғалім өзінің жаңашылдық іс – әрекетін қалыптастырып, оны зерттеп, толықтай меңгеріп, өз іс – тәжірибесінде қолданған әрбір ұстаз өз сабағын нәтижелі дамуын байқай алады.

Жаңа педагогикалық платформалар шәкірттің білім деңгейінің көтерілуіне мүмкіндік жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп қарастыруға болады. Инновациялық жаңалықтарды пайдалану арқылы мұғалім педагогикалық тәжірибесін байытып, үлкен нәтижеге қол жеткізе алады.

Қазіргі бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясы негіздерін арналған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың өтуккен сабақта алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі ақпарат көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және сыныптастарынан, қоршаған ортадан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Заманауи мектептерге енгізілген жаңаша технологияның бір і–тұлғаның ойын дамыту, ендеше оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бүгінгі білім беру саласында кеңінен етек жайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, анализ жасауға және жалпылауға бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс – әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Жаңаша оқыту бұл – мағынаны іздеу, өзінің көзқарасымен шектеліп қалмай, өзгелердің де пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Тұлға жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Оқушы бұрын тек тыңдаушы рөлінде болса, ал бүгінде ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім – осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Қазіргі өзіміз проблемалардың бірі – мектеп оқушысы әдеби кітаптарды оқымауы, тек ғана бар деректерді ғаламтордан іздеп, тауып алып, оқып, көшіріп алып, дайын материалмен жұмыс жүргізіп, қысқа оймен шектеліп жүр. Бүгінгі оқушылардың сөздік қоры өте тайыз. Себебі оқу материалынан басқа әдеби, тарихи кітап оқуға деген ынта жоқ. Ыбырай атамның барлық білімдік, тәрбиелік мәні бар әңгімелері, өлеңдері оқулыққа енгізілген. Осындай жағдайда келешек ұрпақтың саналы түрде сапалы білім алуының бірден бір шарты – мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты заманға сай құрып, жаңашыл түрлі әдістерді, педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдіре отырып, түрлі ақпараттарды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білімге ұмтылуға, жеке, жұптық және топтық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады.

Білім берудің әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ, бұлар бір – бірімен өзара өте тығыз байланысты болып келеді. Қазіргі балаларды оқытуда ойлауды үйрету үшін алдымен уақыт керек, оқушыларға ойланып толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану, бір – бірінің жауабына жасаған жұмыстарының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. Сол сияқты тіл тазалығын сақтау, тіл дамыту жұмыстарын сабақта жүргізу тіл пәні мұғалімдерінің ғана проблемасы болмауы керек, барлық пән мұғалімдері талап етуі тиіс. Тұлғаның ойын тіл арқылы жеткізуі, сауаттылық проблемасын да жүзеге асыру бүгінгі күні мұғалімнің білімділігіне де байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан өзін әлемдік қоғамдастық нарығында экономикасы прогресивті мемлекет ретінде қалыптастырды. Тәуелсіздіктен кейінгі қысқа тарихи кезеңінде еліміз жаңа жаңашыл технологияларды пайдаланып, дүниежүзілік өркениетке ықпалдаса отырып, экономикада серпіліс жасады. Елдің әлеуметтік – экономикалық даму перспективалары айқындалды. Бұл тұрғыда қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адами капиталдың қоғам өмірінің жаңа деңгейінің негізін құрайтын және елдің экономикалық күші мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды факторлары, даму деңгейінің критерийлерінің негізгі көзі сапалы білімде. Өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің шындығына пара пар жауап беруді талап етеді және тұтастай алғанда экономиканың даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек. Жоғарыда айтылғандай, дәл осындай мәселелерді Ы.Алтынсарин атамның өз уақытында шешкен. Нәтижесінде білім бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі түлектің нақты моделінде көрініс табуы керек. Қазақстанның болашағы негізінен мұғалімнің әлеуметтік – экономикалық және рухани – адамгершілік құндылықтар жүйесінде қандай орын алатынына байланысты.

Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай Алтынсарин атамның салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім

берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет – ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Самбулатова Г.Ш. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасының бүгінгі білім беру мазмұнынмен үндестігі. 2016. URL: https://kopilkaurokov.ru/zavuchu/meropriyatia/y_altynsarinnin_piedagoghikalyk_kozk_arastarynyn_bughinghi_bilim_bieru_mazmu_ny (29.11.2016)
2. Алькенова Б.К., Білім мазмұнын жаңарту жағдайында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы. 2017. URL: https://infourok.ru/bilim_mazmnin_zhaartu_zhadayinda_ibiray_altynsarinni_pedagogikali_ideyalarini_sabatastii_1490412.html (6.01.2017)
3. Сулейменов Б.С. Жизнь и творчество Ибрагима Алтынсарина (1841–1889) Алма-Ата.: 1957, 5–40 с.

ӨОЖ 37.034

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Оспанова Салтанат Амиржановна
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім беру басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Рудный қаласы, Қазақстан
E-mail: guli_9123@mail.ru

Аңдатпа

Автор мақала мазмұнында ағартушы шығармасының идеясы еңбекқор, қоғам белсендісін тәрбиелеу деп ой қорытады. Заманауи білім беруде инновациялық әдістер арқылы шығармаларын түрлендіруде оңтайлы тәжірибесімен бөліседі. Ұлт ұстазының мұрасы мектебінің игілігінде екенін сөз етеді. Ы.Алтынсаринді педагог, ақын, жазушы деп әр қырынан танытады. Ағартушының шығармаларын шәкірттеріне ақпараттық технология аясында жаңаша түсіндіре біліп, педагогикалық идеясын тәжірибесімен ұштастырады.

Түйінді сөздер: Педагог, мұра, заманауи білім, ақпараттық, тәрбие.

Аннотация

Автор в содержании статьи заключает, что идея просветительского произведения – воспитывать трудолюбивого, общественного активиста. Делится своим оптимальным опытом в преобразовании произведений с помощью инновационных методов в современном образовании. Отметил, что наследие учителя нации находится во благо школы. И.Алтынсарина с разных ракурсов называют педагогом, поэтом, писателем. Сочинения просветителя ученикам умение по – новому интерпретировать произведения в рамках информационных технологий, сопоставляет педагогическую идею с опытом.

Ключевые слова: Педагог, наследие, современное образование, информация, воспитание.

Abstract

In the content of the article, the author concludes that the idea of the work of the educator is to educate a hardworking social activist. Shares optimal experience in transforming works through innovative methods in modern education. It is said that the heritage of the teacher of the nation is in the good of the school. I. Altynsarin is a teacher, poet and writer. He is able to explain the works of the educator to his students in a new way within the framework of information technology, combining his pedagogical idea with his experience.

Key words: teacher, heritage, modern education, information, education.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс – тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Әрбір сабағымда мерейлі мақсатым білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденіп оқуға баулу. Өзімнің тәжірибемде жаңаша инновациялық әдістерді пайдалану оқушылардың оқуға деген таным қабілетін арттырады. Инновациялық әдіс – тәсілдер оқушыларға ақпарат іздеуге